

Ішкі академиялық ұтқырлық бағдарламасы!!!

Құрметті білім алушылар!!! Сіздерді «Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің білім алушыларының, профессор-оқытушылар құрамының академиялық ұтқырлығын жүзеге асыру туралы» Ережесіне сәйкес, академиялық ұтқырлық бағдарламасымен қазақстандық жетекші ЖОО-нда оқуға шақырамыз!!!

Академиялық ұтқырлық дегеніміз не? Академиялық ұтқырлық білім беру сапасын жақсартуға, білім алушылар мен оқытушы-зерттеушілердің ғылыми-зерттеу жұмысының тиімділігін арттыруға, олардың кәсіби, мәдени және білім деңгейін арттыруға, басқару жүйесін жетілдірге, ішкі интеграциялық байланыстарды орнатуға ықпал етеді.

Ішкі академиялық ұтқырлық Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің шарт (келісім, меморандум) жасасқан қазақстандық ЖОО жүзеге асырылады.

Серіктес ЖОО тізімін университеттің сайтынан (asu.edu.kz) қарауға болады.

| Академиялық ұтқырлықты жүзеге асыру функциялары | Жауапты құрылымдық бөлімше |
|--|--|
| <i>Академиялық ұтқырлыққа қатысуышыларды жоспарлау</i> | Кафедралар, факультеттер |
| <i>Университет бойынша жоспарлаударектерінің жинағы</i> | Тіркеу кеңесі |
| <i>Қазақстанның жоғары оқу орындарымен байланыс</i> | Тіркеу кеңесі |
| <i>Үміткерлердің құжаттарын дайындау</i> | Үміткер, әдвайзер, Тіркеу кеңесі |
| <i>Академиялық ұтқырлық туралы бұйрықтарды ресімдеу</i> | Білім алушылар үшін- Тіркеу кеңесі (бұйрық үшін негізделеме), студенттік кеңсе; экономикалық бөлім |
| <i>Академиялық ұтқырлық қорытындысы бойынша статистикалық мәліметтерді жинау</i> | Білім алушылар үшін - Тіркеу кеңесі. |

Факультетте академиялық ұтқырлыққа **жауапты** деканның оку ісі жөніндегі орынбасары және білім бағдарламасы бойынша әдвайзерлер болып табылады, олар білім алушыларға ұтқырлық мәселелері бойынша кеңес береді.

Академиялық ұтқырлықты жүзеге асыру **мерзімі** - **бір академиялық кезең** (семестр).

Койылатын талаптар:

- ЖОО-да бір академиялық кезеңді аяқтағандар;
- академиялық үлгерімі "A", "A -", "B+", "B", "B -", "C+";
- академиялық ұтқырлық бағдарламасына қатысуға байланысты қаржылық шығындарды өтеуге мүмкіндігі бар.
- соңғы курс студенттеріне рұқсат етілмейді.

Ресімдейтін құжаттар тізімі:

- жеке куәліктің көшірмесі (2 дана);
- үлгі бойынша өтініш (2 дана);
- жазбаша түрде ата-ананың келісімі (міндетті түрде)
- транскрипт (2 дана) ;
- Жеке оқу жоспары (факультет деканымен бекітілуі тиіс) – (2 дана);
- оқу келісімі (3 дана);
- үш жақты / төрт жақты шарт.
- Кovidке қарсы вакцинаны алғаны жөніндегі төлкүжаты (міндетті түрде)
- (2 дана)

Ескеरту!!! Жеке оқу жоспары (ИУП) бойынша бекітілген **пәндер** (кредиттер) **игерілмеген жағдайда** академиялық ұтқырлыққа қатысуышы осы пәндерді басқа академиялық кезеңде **ақылы негізде** (басқа академиялық топпен немесе жазғы семестрде) **қайта оқиды**.

Қосымша ақпарат жөнінде Тіркеу кеңесіне келуге болады (№1 ОF, 219а кабинеті).

Тіркеу кеңесінің жетекшісі, ЖОО бойынша академиялық ұтқырлық координаторы – Э.И.Кукузова